

«БЕКІТЕМІН»
I вице-ректор

Ж.Томар



«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
казак-түрік университетінің ректоры

Ж.Темірбекова

2021 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-СДЖ-001-2021

АЛҒЫ СӨЗ

1. Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығымен ӘЗІРЛЕНДІ
ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Орталық басшысы Ж.Дарибаев
– Бас сарапшы Т.Көшербаев
3. Келісілді – Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры
А.Ошибаева
– Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
– Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры А.Тұрғанбаев
– Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры
Пусат Пилтен
– Шаруашылық мәселелер вице-ректоры Н.Батырбаев
– Жауапты хатшы Г.Байсенкул
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2021 ж.
5. Тексеру мерзімі – 2023 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-СДЖ-001-2021</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу және іске асыру ережесі		9 беттің 2 –ші беті

Мазмұны

1. Қолданылу саласы	3
2. Нормативті сілтемелер	3
3. Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар	3
4. Жалпы ережелер. Негізгі қызметтер мен міндеттер	3
5. Стратегияны жүзеге асыру	4
6. Құқықтар	6
7. Қызметтік қадағалау және жауапкершілік	7
8. Өзгерістер енгізу тәртібі	7
9. Келісу, сақтау және тарату	7
10. Қосымшалар	8
10.1 Танысу парағы	8
10.2 Өзгерістерді тіркеу парағы	9

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-СДЖ-001-2021</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу және іске асыру ережесі		9 беттің 3 –ші беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің стратегиялық даму жоспарын әзірлеу және іске асыру ережесі университеттің коллегиялды органдарының әкімшілік-құқық мәртебесін бекіту мақсатында әзірленген және университет миссиясы, келешек келбеті, негізгі құндылықтары мен стратегиялық мақсаттарын іске асыруға негізделген қызметтерін, міндеттерін, өкілдігін және жауапкершілігін анықтайды.

1.2 Бұл ереже Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры ұсынған, университет ректорының бұйрығымен тағайындалған Стратегиялық даму жоспарын әзірлеуші және іске асырушы Стратегиялық кеңес мүшелері мен жұмыс тобы өкілдері, барлық құрылым басшыларымен пайдаланылып, іске асырылуы тиіс.

1.3 УЕ-СДЖ-001-2021 Университет ережесі Ахмет Ясауи университеті сапа менеджменті құжаттарының құрамына кіреді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:

- ISO 9000:2015 Сапа менеджментінің жүйелері. Негізгі Ережелер және сөздік;
- ISO 9001:2015 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;
- Университет Жарғысы;
- Университеттің стратегиялық даму жоспары;
- ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару.

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

УС – университет стандарты

ҚП – құжатталынған процедура

СБӨ - сапа бойынша басшылық өкілі

СДЖ – стратегиялық дамуды жоспарлау

ЖТ – жұмысшы топ

СМЖ – сапа менеджментінің жүйесі

СРСО – стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы

ҒЗИ – ғылыми зерттеу институты

ОПҚ – оқытушы-профессорлар құрамы

Ереже – Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу және іске асыру.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ МІНДЕТТЕР

4.1 Бұл ереже университеттің стратегиялық даму жоспарын орындау қызметін тиімді басшылық ету үшін және ұдайы жақсарту негізінде сапалы білім беруге бағытталған.

4.2 Университеттің Стратегиялық дамуды жоспарлау және іске асыру жұмыстары университет ректорының бұйрығы негізінде іске асырылады.

4.3 Университеттің стратегиялық дамуын жоспарлау мен іске асыру жұмыстарына университеттің вице-ректорлары, департамент директорлары, орталық басшылары, құрылымдық бөлім басшылары, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, ОПҚ және қызметкерлер іске асыруға тікелей атсалысады. Стратегиялық дамуды жоспарлау жұмыстарына Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры тікелей басшылық жасайды.

4.4 Стратегиялық дамуды жоспарлау кеңесінің шешімдері университеттің барлық құрылымдарына міндетті.

4.5 Стратегиялық дамуды жоспарлау кеңесі өзінің қызметінде басшылық етеді:

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-СДЖ-001-2021</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу және іске асыру ережесі		9 беттің 4 –ші беті

- ҚР «Білім туралы» Заңы;
- ҚР Ғылым туралы Заңы;
- ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы;
- университеттің стратегиялық даму жоспары;
- университет Жарғысы;
- осы Ереже;
- сыртқы және ішкі нормативтік құжаттар;
- басшылық нұсқаулары.

4.6 Университеттің Стратегиялық даму жоспары Сенат мәжілісінде талқыланып, Үкіметаралық Өкілетті Кеңес мәжілісінде бекітіледі

4.7 Негізгі қызметтер мен міндеттерге жатады:

- Университеттің Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу, талдау, барлық құрылымдық бөлімдер мен қызметтерде іске асуын кезеңдік қадағалау;

- Стратегиялық жоспарлау кеңесі - Стратегиялық даму жоспарының негізгі бағыттарын, стратегиялық мақсаттары мен көрсеткіштерін айқындауға және іске асыруға тікелей жауапты болу міндетін атқарады.

- Стратегиялық жоспарлау кеңесіне университет ректоры тарапынан тағайындалған жауапты тұлға басшылық жасайды. Стратегиялық жоспарлау кеңесінде жоспарларды жүзеге асыру нәтижелері мен даму көрсеткіштері салыстырмалы түрде бағаланады. Стратегиялық даму жоспарының есебі Сенат мәжілісіне немесе университеттің Басқару кеңесіне қаралып, Үкіметаралық Өкілетті Кеңеске бекіту үшін ұсынылады.

5 СТРАТЕГИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

5.1 Стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру үшін:

5.1.1 Жұмыс топтары ұйымдастырылады (семинарлар, кеңестер, басқосулар, форумдар), және бағыттар бойынша бойынша мониторинг жүргізіледі;

5.1.2 Жүйелі әдістемелік және мониторингтік зерттеулер мен ресми мәліметтер арқылы статистикалық мәліметтермен толықтырылады және ұдайы жаңартылады;

5.1.3 Стратегиялық бағыттардың бағдарламалық және жобалық қамтылуы бойынша бір-бірімен байланысты тараулар ендіріледі:

- барлық деңгейдегі жобалардың басқарылуы;
- сараптаулар мен ендірулер;
- біліктілік жетілдірулер;
- ақпараттық және PR-қолдаулар;
- мониторинг және нәтижелерді бағалаулар;
- Стратегияны жүзеге асыру бойынша презентациялық жарияланымдар.

5.2 Университетті стратегияға сәйкес дамыту қаржыландыру көздерін әртараптандыру арқылы іске асады. Қаржыландыру көздері ретінде қаралатындар:

- бюджеттік қаржыландыру;
- бағдарламалық-мақсаттық және гранттық қаржыландырулар;
- халықаралық ұйымдар арқылы қаржыландырулар;
- қосымша ақылы білім беру қызметтері;
- басқа қаржы көздері.

5.3 Стратегиялық жоспарда ұсынылған тиімділік көрсеткіштері алты айлық және жылдық кезеңдерде бақыланатын болады, сондай-ақ оны жақсарту және анықталған кемшіліктерге қатысты шаралар әзірлеу жөніндегі іс-шараларға бастамашылық жасалатын болады. Мониторинг кезінде қолданылатын тиімділік көрсеткіштері айтарлықтай дәрежеде анықталған, бірақ олар өзгертін орта мен жағдайларды ескере отырып түзетілуі мүмкін.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-СДЖ-001-2021</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу және іске асыру ережесі		9 беттің 5 –ші беті

5.4 Деректерді жинау, осы көрсеткіштер бойынша есептерді дайындау және ұсыну ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етіледі. Бұл жүйе басқарудың барлық деңгейлеріндегі мониторинг пен тиімділікті бағалауды қолдау үшін кеңейтілетін болады және университетті басқару процестерімен байланысты проблемаларды анықтау және сапасын жақсарту жөніндегі қызметке деректер мен ақпараттық қолдау көрсететін болады.

5.5 Стратегиялық жоспарды іске асырудағы негізгі қадам университеттің жоспарына сәйкес барлық академиялық және әкімшілік бөлімшелердің өздерінің перспективті немесе жылдық жоспарларын әзірлеуі болып табылады. Бөлімшелер өздерінің миссиялары мен көзқарастарын, міндеттерін, мақсаттарын жасау кезінде университеттің көзқарасына ұқсас көзқарасты ұстанады. Бөлімдер өз мақсаттарын университеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкес анықтауы керек, яғни бөлімшелер өздерінің теңдестірілген көрсеткіштер жүйесіне ие болады. Бөлімшелер деңгейіндегі перспективалық жоспардың мониторингі осы стратегиялық карталарға сәйкес есеп береді және бағаланады.

5.6 Стратегиялық мақсаттарды ойдағыдай іске асыру және тез арада қол жеткізу үшін төмендегі қызметтер: Қазақстан мен Түркия үкіметтерінің тарапынан нысаналы қаржылық қолдау, қаржыландыру көздерін әртараптандыру, шешіммен құрылған эндаумент-қорының белсенді жұмыс істеуі, жекелеген инфрақұрылымдық мәселелерді, сондай-ақ облыс әкімдігі тарапынан қызметкерлердің тұрғын үй проблемаларын шешуде қолдау көрсету және т. б. қажет.

1. Конкурса қатысу және академиялық артықшылық орталығының қатарына кіру материалдық-техникалық базаны жаңартуға, қазіргі заманғы оқу-зертханалық жабдықтармен жарақтандыруға, бағдарлама шеңберінде басқа да көмек алуға мүмкіндік береді. Бұл ХҚТУ-ды түркі әлеміндегі алдыңғы қатарлы университетке айналдыру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

2. ОПК мен персоналды іріктеу, аттестаттау, қызметін бағалау, оқыту және дамыту, ұйымдастыру және еңбекақы төлеудің жаңа регламенттері арқылы адами ресурстарды басқарудың жаңа саясатын әзірлеу.

3. Университеттің ғылыми портфелі мен инновациялық экожүйесін басқарудың тиімді жүйесін жасау.

4. Академиялық адалдық лигасына кіру арқылы Академиялық адалдық және парасаттылық саясатын енгізу.

5.7 Университеттің даму стратегиясын іске асыруға университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері мен стейкхолдерлері тартылуы тиіс, олар қызметтің барлық бағыттары бойынша нәтижелерге қол жеткізуде белгілі бір маңызды рөл атқарады.

Стратегияны іске асыру тетігі Стратегиялық даму және сапа Комитеті, Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы арқылы жүзеге асырылатын болады.

Университеттің Даму стратегиясы мен стратегиялық жоспарының іске асырылу мониторингін Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы жүзеге асыратын болады.

5.8 Стратегияны іске асыру тетігі мыналарды көздейді:

1) жұмыс топтарын, семинарларды, кеңестерді, форумдарды ұйымдастыруды, стратегияны орындаудың тұрақты мониторингін, оны ілгерілетуді, Стратегиялық жоспардың іске асырылуын бақылауды қамтиды;

2) Ресми статистика және мерзімді зерттеулер (мониторинг) есебінен стратегиялық ақпаратты тұрақты жаңарту және толықтыру;

3) Барлық бағдарламалар мен жобаларға мынадай стратегиялық бағыттарды іске асыруды енгізу:

- барлық деңгейдегі жобаларды басқару;
- талдау және әзірлеу;
- біліктілікті арттыру;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-СДЖ-001-2021</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу және іске асыру ережесі		9 беттің 6 –ші беті

- ақпараттық және PR-сүйемелдеу;
- нәтижелерді бақылау және бағалау.

ХҚТУ дамыту қаржыландыру көздерін әртараптандыруға негізделетін болады. Қаржыландыру көздері ретінде мыналар қарастырылуы мүмкін:

- бюджеттік қаржыландыру;
- бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыру;
- халықаралық ұйымдардың қаржыландыруы;
- қосымша ақылы білім беру қызметтері;
- эндаумент-қор;
- басқа да көздер.

5.9 Стратегияны жүзеге асыру барысында университеттің ішкі және сыртқы жағдайларындағы өзгерістерге байланысты түзетулер ендірілуі мүмкін. Стратегияны жүзеге асыруды басқару жүйесі келесі компоненттерден тұрады:

- қойылған міндеттерді іске асырумен айналысатын құрылымдық бөлімдерді тиімді басқару;

- іс-шаралар жоспары;
- ресурстармен қамтамасыз ету, соның ішінде қаржылық;
- қатысушы тараптардың бір-бірімен қатынасын үйлестіру;
- мониторинг және бақылау;
- нәтижелерді бағалау;
- ақпараттық қолдаулар;
- стратегияға түзетулер ендіру.

5.10 Университетінің корпоративті басқару құрылымына енетіндер:

- Стратегияны жоспарлау кеңесі.
- Сенат мәжілісі;
- Басқару кеңесі;

- Стратегиялық даму және сапа комитеті, Академиялық комитет, Ғылым комитеті, Әлеуметтік-мәдени мәселелер комитеті, Бюджет комитеті, Адам ресурстарын басқару комитеті, Шаруашылық мәселелер комитеті және кәсіподақ комитеті.

- Академиялық комиссия, Қаржы бақылау комиссиясы, Этикалық және тәртіп комиссиясы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясы және ішкі рейтинг комиссиясы.

5.11 Стратегияны жүзеге асыру механизмі - Стратегиялық дамуды жоспарлау кеңесі, Стратегиялық даму және сапа комитеті, Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының ұдайы қадағалауы арқылы жүзеге асырылады.

6 ҚҰҚЫҚТАР

6.1 Стратегиялық жоспарлау кеңесі Стратегиялық даму жоспарының жобасына өзгерістер ендіру, стратегиялық бағыттар бойынша барлық құрылымдардың жұмыстарын қадағалауға;

6.2 Стратегиялық даму жоспарын орындау барысында құрылымдық бөлімдер қызметтердің кемшіліктері бойынша шешім қабылдау және ұсыныс беруге;

6.3 Стратегиялық жоспарлау кеңесі шешімдерін жұмыс топтары және құрылым басшыларынан орындалуын қадағалауға;

6.4 Университеттің Стратегиялық даму жоспары жетілдіру туралы ұсыныстарды қарастыруға және тиісті шешімдер қабылдау.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-СДЖ-001-2021
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу және іске асыру ережесі		9 беттің 7 –ші беті

7 ҚЫЗМЕТТІК ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

7.1 Бұл Ережедегі келтірілген қызметтерді мезгілімен және тиісті түрде орындалуын қадағалайтын Стратегиялық жоспарлау кеңесі, Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры және Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы.

8 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Университеттің Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу және іске асыру ережесіне өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

8.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Қосымша Б).

9 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат мәжілісінің отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

9.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қоданушыларға жіберу жауапкершілігі Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адрестер бойынша жіберіледі: Вице-ректорлар, департамент директорлары, факультет декандары, ҒЗИ директорлары, орталық басшылары, кафедра меңгерушілері, оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлер.

9.3 Осы университет ережесінің бақылау данасын Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығында сақтау жауапкершілігі орталық басшысына жүктеледі.

КЕЛІСІЛДІ

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры

Шаруашылық мәселелер вице-ректоры

Жауапты хатшы

А.Ошибаева

Э.Идрисова

А.Тұрғанбаев

Пусат Пилтен

Н.Батырбаев

Г.Байсенкул

